Аңдатпа. Халықтың қартаюуы бүкіл әлемде жылдам қарқынмен жүріп жатыр, бұл жаһандық экономика мен денсаулық сақтау қызметтерін қиындатуда. Жасушаның қартаюуы әртүрлі жасқа байланысты неврологиялық және жүйке-психикалық бұзылуларға, соның ішінде Альцгеймер ауруы мен Паркинсон ауруына елеулі үлес қосады. Кейбір сыртқы факторлар, мысалы, иондаушы сәулеленудің әсері қартаюуды тездетуі мүмкін.

Соңғы жылдары микроРНК деп аталатын қысқа бір тізбекті РНК молекулалары арқылы ген экспрессиясын транскрипциядан кейінгі бақылау жүйесінің қалыпты физиологиялық процестерді реттеуде және көптеген аурулардың патогенезінде, соның ішінде жас ерекшеліктеріне байланысты аурулардағы маңыздылығы жоғары екендігі белгілі болды. Бұл мақалада радиацияның биологиялық әсері, сәулеленудің әртүрлі жасуша түрлерінің қартаюуына әсері және микроРНК-ның сәйкес молекулалық механизмдері қарастырылады.

Түйін сөздер: иондаушы сәулелену, жасушаның қартаюуы, ДНК зақымдануы, микроРНК.

DOI: 10.32523/2616-7034-2023-143-2-18-26

Кіріспе

Қазақстан шиеленісті радиоэкологиялық жағдайға ие елдердің бірі болып табылады, бұл екі негізгі себепке байланысты: біріншіден, Қазақстан Республикасы табиғи уранның әлем бойынша үлкен көлемдегі шикізат орталығының біріне ие; екіншіден, ол 40 жыл бойы Кеңес Одағының ядролық сынақтар өткізуге арналған негізгі полигоны болды және бұл жағымсыз салдарға әкеп соқтырды. Біздің еліміздің аумағында 1949 жылдың тамызынан бері 659 атомдық жарылыс жасалған әлемдегі жалғыз ел болып табылады, бұл КСРО-да жасалған барлық жарылыстардың 92%-дан астамын құрайды [1].

Сәулеленудің әсері сәулелену көзінің түріне, энергиясына және орналасуына, сондай-ақ әсер ету ұзақтығына байланысты. Орташа есеппен адам күннің ғарыштық сәулелерін және жердегі уранның радонын қоса алғанда, үнемі фондық радиацияға ұшырайды; компьютерлік томографияны, радиоизотоптық сынақтарды, рентгенді қоса алғанда, медициналық әсерден сәулелену алады; және ұшақтардың ұшуы, тұтыну өнімдерінің радиоактивтілігі және тыныс алу кезінде немесе қоректік тізбек арқылы денемізге түсетін әртүрлі радионуклидтер сияқты адамның басқа әрекеттерінен болатын аз мөлшердегі радиацияны сіңіреді [2]. Бұл сәуле тірі ағзаларға әсер етіп, әртүрлі ауруларды тудыруы мүмкін.

Иондаушы сәулеленуді толқындық (рентгендік, гамма-сәулелену) және корпускулалық (электрондар, иондар, нейтрондар) деп бөлуге болады. Сонымен қатар, толқындық сәулелену иондалмаған болуы мүмкін (мысалы, радиотолқындар, инфрақызыл, ультракүлгін сәулелер). Барлық радиоактивті нуклидтер жоғары энергиялы бөлшектер немесе электромагниттік толқындар шығарады. Бұл сәуле тірі жасушаларға түскенде, ол қызуы, химиялық байланыстарды бұзуы немесе молекулаларды иондауы мүмкін. Ең ауыр биологиялық зақым осы радиоактивті фрагменттерді шығарғанда немесе молекулаларды иондағанда орын алады. Мысалы, ядролық ыдырау реакцияларынан шығатын альфа және бета бөлшектерінің энергиясы қарапайым химиялық байланыс энергияларына қарағанда әлдеқайда көп. Бұл бөлшектер затқа соғылып, енген кезде олар өте реактивті иондар мен молекулалық фрагменттерді шығарады. Бұл тірі

ағзалардағы биомолекулаларға келтіретін зақым қалыпты жасушалық процестердің елеулі бұзылуына әкелуі мүмкін.

Тіндерде иондаушы сәулелену физикалық, химиялық және биологиялық өзгерістер сериясын тудырады, олардың уақыт тізбегі наносекундтық диапазоннан көптеген онжылдықтарға дейін созылуы мүмкін. Радиация бүкіл денеге (соматикалық зақым) немесе жұмыртқа мен сперматозоидқа (генетикалық зақым) зиян келтіруі мүмкін[3]. Оның әсері асқазанның шырышты қабаты, шаш фолликулдары, сүйек кемігі және эмбриондар сияқты тез көбейетін жасушаларда айқынырақ. Сондықтан сәулелік терапиядан өгіп жатқан науқастар жиі жүрек айнуын немесе ауруды сезінеді, шаштар түседі, сүйектер ауырады.

Радиация өте зиянды болып табылады, өйткені ол молекулаларды ионизациялауы немесе химиялық байланыстарды ажыратады, бұл молекуланы зақымдайды және жасушалық процестерді бұзады. Ол сондай-ақ биологиялық молекулаларды зақымдайтын және физиологиялық процестерді бұзатын реактивті гидроксил радикалдарын жасай алады. Радиация соматикалық немесе генетикалық зақым келтіруі мүмкін және тез көбейетін жасушаларға қатты зиянын тигізеді.

Қартаюу механизмдеріне сәулеленудің әсері

Радиация әртүрлі жасқа байланысты неврологиялық және жүйке-психикалық бұзылуларға, соның ішінде қатерлі ісікке, Альцгеймер ауруы мен Паркинсон ауруына елеулі үлес қосады және бұл процесс жасушалық қартаюу сияқты әсерлерге байланысты болуы мүмкін. Иондаушы сәулелену секілді сыртқы факторлар қартаюу процесін тездетуі мүмкін. Қартаюу әртүрлі органдарда әртүрлі қарқынмен жүреді. Молекулярлық және жасушалық процестер арқылы иондаушы сәулелену қартаюуға үш жолмен әсер етеді. Жасушаның зақымдануы канцерогенезді тудырады. Жасушаның өлімі тіндердің зақымдалуына әсер етеді. Молекулалық құбылыстар өмірдің спецификалық емес қысқаруына алып келеді.

Дегенмен, жасуша тұтастығы мен молекулалық жолдардағы қартаюуға байланысты өзгерістер барлық тіндерге тән. Бұл өзгерістерге митохондриялық дисфункция, макромолекулалардың тотығу зақымдануының жасушаішілік жинақталуы, энергия алмасуының бұзылуы, жасушалық қалдықтарды кәдеге жарату бұзылыстары (аутофагия, лизосомалар және протеасомалардың функциялары), стресске бейімделу реакциясы және ДНҚ репарациясы сигналдары және қабыну жатады. Сонымен қатар, нейрондық желінің қалыпты белсенділігі, нейрондардағы Са²⁺ өңдеуінің өзгеруі және нейрогенездің төмендеуі жасушаның қартаюу процесінде да байқалады [4].

1940 жылдан бастап 1960 жылдарға дейін иондаушы сәулеленудің (ИС) өмір сүру ұзақтығына әсері белсенді түрде зерттелді және тұжырымдалды. Радиацияның өмір сүру ұзақтығына әсер етуінің биологиялық негіздеріне қатысты іргелі сұрақтар радиацияның қалыпты қартаюу процесін жеделдету қабілетіне қатысты белгісіздікке байланысты негізінен жауапсыз қалды. Ол кезде радиация мен қартаюу арасындағы байланыс әлсіз деп саналды, өйткені радиацияның әсері қартаюдан айырмашылығы бар, негізінен генетикалық зақым келтіреді және бөлінетін жасушаларға әсер етеді (митоздан кейінгі жасушаларға қарағанда) және зиянды әсерлері бар деп есептелді, ал радиация әрқашан дерлік жасушалардың жаппай бөлініп зиян келтірумен шектеледі деген тұжырым болды.

Мысалы, қартайған тышқандардың көптеген тіндерінде, терісінің фибробласттарында және адам ұлпаларында қартаюушы жасушалар табылды, бұл қартаюудың *in vivo*, сондай-ақ *in vitro* қартаюуда себепші рөлі болуы мүмкін екенін көрсетеді [5]. Қартайған эндотелий жасушаларының атеросклерозда, тромбозда және тамырлы эндотелийдің қабынған жерлерінде көбеюі көрсетілген, бұл патологиямен ықтимал байланысын анықтап тұр.

Жануарлар туралы деректер де радиацияның қартаюуына әкелетін теорияны қолдайды. Бризци жасына қарай резус маймылдары мен альбинос егеуқұйрықтарының ми қыртысында

кейбір өзгерістер болатынын байқады. Тінтуірдің миының транскриптомиялық профильдерін талдау төмен дозада (100 мГр) бүкіл денені сәулелендіруден кейін бірнеше сағат өткен соң байқалған молекулалық реакциялар когнитивті қабілетінің ерте төмендеуімен, Альцгеймер ауруымен және әртүрлі нейропсихиатриялық бұзылулармен байланысты реакцияларға ұқсас екенін көрсетті.

Жалпы алғанда, радиациялық делдалдық қартаю дисфункционалды метаболикалық процестерге қарағанда бос радикалдардың зақымдалуымен, қос тізбекті үзілістермен (DSB), апоптозмен және қабынумен көбірек байланысты. Қартаюдың биологиялық механизмдері, соның ішінде тотығу стрессі, хромосомалық зақымдану, апоптоз, жасушалардың қартаюы, қабыну, теломерлердің қысқаруы және дің жасушаларының азаюы қазір әлдеқайда жақсы түсінілген және сәулеленудің биологиялық әсерлерімен жақындасуды жалғастыруда[6]. Бірқатар секрециялар арқылы цитокиндердің, хемокиндердің, өсу факторларының және қартаюмен байланысты секреторлық фенотип деп аталатын басқа да сигналдық молекулалардың әсерінен қартаю жасушалары қоршаған сау жасушаларға зиянды әсер етуі мүмкін. Соңғы уақытта мұндай қартаю жасушалары көптеген жасқа байланысты аурулардың, соның ішінде өкпе фиброзы, нейродегенерация, атеросклероз, остеоартрит, қатерлі және қатерсіз аурулардың дамуына ықпал ететіні анықталды. Сәулелену Қартаюмен байланысты секреторлық фенотип (SASP) факторлары арқылы сәулеленген жасушалармен байланыс қоршаған сәулеленбеген жасушаларға әсер етеді деген болжам бар. Сәулеленуден туындаған бұл байқаушы құбылыс саңылаулар мен секрециялық факторлар арқылы қоршаған микроортаға әсер ететіні және жасушалық қартаю, жасушалардың көбеюі және қатерлі трансформация сияқты әртүрлі жасушалық әсерлерге делдал болатыны белгілі.

Сондықтан қабыну реакцияларының радиациялық әсерінен жоғарылауы радиациялық аурулардың дамуына және ерте қартаюға ықпал етуі мүмкін деген болжам бар.

Сүтқоректілердің қартаюындағы микроРНК-ның рөлі

Нейродегенеративті аурулардың ауыртпалығы қарт адамдардың үлесі артқан сайын біртіндеп артып келеді. Дүниежүзілік Денсаулық Ұйымы (ДДҰ) деректері бойынша 2040 жылға қарай нейродегенеративті аурулар жүрек-қан тамырлары ауруларынан кейінгі өлім-жітімнің екінші себебі болады. Дамыған елдерде деменциямен сырқаттанушылық 100%-ға, жаңа индустриялық елдерде 300%-ға дейін артады. Альцгеймер ауруы - ең танымал нейродегенеративті ауру. Дегенмен, деменцияның аралас түрлерімен, тамырлы деменциямен және Леви денелерімен деменциямен ауыратын адамдар саны артып келеді [7]. Айта кету керек, Паркинсонмен ауыратын науқастардың саны өсуде, аурудың таралуы және дамуы кезінде деменция пайда болады. Жас нейродегенеративті аурулардың ең маңызды қауіп факторы болғанымен, механизмдері мен молекулалық мақсаттары белгісіз. МикроРНК қартаю бағдарламасына да, жүйке жүйесінің ауруларына да қатысады. Сонымен қатар, микроРНК синаптикалық пластика, оқу және есте сақтау сияқты физиологиялық процестерді реттейтіні анық болды.

Жасалған есептеулер барлық ақуызды кодтайтын гендердің шамамен 60% микроРНК арқылы реттелетіндігін болжайды. Осындай кең таралған МикроРНК-делдалдық функцияларын басқару үшін жасушаларда транскрипция, жегілу және тұрақтылық деңгейлерінде микроРНК мөлшерін реттеуге арналған көптеген күрделі механизмдер дамыды. Кейбір микроРНК жасушалардың қартаюына қатысатын жолдарды реттеуге қатысады және жасушалық циклдің барысына әсер етеді. Сонымен қатар, микроРНК экспрессиясының негізгі өзгерістері модельдік ағзалардағы ауру фенотиптерімен байланысты және адамның ауру тіндерінде табылған. Көптеген дене сұйықтықтарында (қан, сілекей, зәр және т.б.) әртүрлі микроРНК-ларды анықтау мүмкіндігі бұл молекулаларды жасқа байланысты аурулардың

биомаркерлері ретінде пайдалану мүмкіндігін ашады. МикроРНК-лар тіндердің дамуы мен гомеостазын реттеуде шешуші рөл атқарады, ал микроРНК-ның реттелуінің бұзылуы қатерлі ісік, жүрек-тамыр, неврологиялық және метаболикалық аурулар сияқты әртүрлі аурулардың патофизиологиясына қатысты[8].

МикроРНК жақында жасушалық қартаюдың маңызды реттеушілері ретінде пайда болды және қысқа, кодталмаған РНК болып табылады, олар мақсатты мРНК экспрессиясын дәйектілікпен спецификалық түрде реттейді, мРНК деградациясын немесе трансляциялық репрессияны тудырады. Реттеуші шағын молекулалар класы ретінде микроРНК биологиялық функциялардың кең ауқымын көрсетеді, соның ішінде дің жасушаларының өзін-өзі жаңартуына, жасуша пролиферациясына, апоптозға және метаболизмге әсер етеді.

Тін үлгілерін профильдеу қартаю миындағы микроРНК реттелуінің алғашқы дәлелдерін берді. Адамның префронтальды қыртысынан алынған үлгілерде МикроРНК-34, МикроРНК-33b, МикроРНК-181 және МикроРНК-1271 жасына байланысты белсендіру көрсетілген. Ұқсас үлгілер макака миының үлгілерінде байқалды, соның ішінде қосымша МикроРНК-29b микроРНКсы бар. Тышқандарда ми мен бауыр тіндерінде МикроРНК-30d, МикроРНК-34a, МикроРНК-468, МикроРНК-669b және МикроРНК-709 көрсеткіштерінің жасқа байланысты жоғарылауы байқалды, ал МикроРНК-22, МикроРНК-101a, МикроРНК-720, МикроРНК -721 тек мида ғана өсті, бірақ кәрі тышқандардың бауырында эспрессиясы байқалмады[9]. Мидағы кейбір жоғарылаған микроРНК митохондриялық функцияны басқарады деп болжанған, бұл митохондриялық функцияның реттелуінің бұзылуы жасқа байланысты процестердің негізгі факторы болып табылатынын ескерсек таңқаларлық жағдай емес.

МикроРНК-лардың синаптикалық функционалдық және құрылымдық пластиканы модуляциялауда маңызды рөл атқаратыны туралы дәлелдер жиналуда. Сондықтан, өзгертілген жергілікті трансляциялық реттеу деменцияда және басқа нейродегенеративті бұзылыстарда оқу мен есте сақтауды бұзуы мүмкін. Нейродегенеративті аурулардағы микроРНК рөлінің бастапқы дәлелдері негізгі микроРНК-генерациялайтын Dicer ферментінің шартты Пуркинье жасушасына тән жойылуы жасуша өліміне әкелетінін көрсетті. Dicer-дің болмауы микроРНК-ның жоғалуымен, церебеллярлық дегенерациямен және *in vivo* атаксияның дамуымен байланысты болды. Соңғы деректер микроРНК-ның жасқа байланысты нейродегенерациядағы маңызды рөлін қолдайды. Ересек адамның алдыңғы миындағы Dicer-дің абляциясы Альцгеймер ауруы бар мида байқалғандай аномальды гиперфосфорлануын және нейродегенерацияны тудырды. Осы және басқа деректерге байланысты нейродегенеративті аурулары бар науқастардан алынған ми үлгілерінде микроРНК профилін жасаудың бірқатар зерттеулері бар. Мысалы, МикроРНК-9, МикроРНК-125b және МикроРНК-146 Альцгеймер ауруы бар науқастарда уақытша неокортекспен гиппокампальды аймақтарда жоғары реттеледі.

Иондаушы сәулелену (ИС) жасушаішілік микроРНК экспрессиясын өзгертеді

МикроРНК сәулеленуге жауап беретін молекулалар ретінде иондаушы сәулелену саласына да қызығушылық тудырады, сондықтан зерттеушілер ісіктердің сәулеленуге реакциясының биомаркерлері ретінде микроРНК әлеуетіне назар аударады және қалыпты тіндердің радиациялық уыттылығын болжайды.

Әдетте, онкогенезге қатысатын микроРНК-лар реттелмейді және бұл реттеу белокты кодтайтын мРНК экспрессиясын өзгертеді, осылайша ісік жасушаларының бақыланбайтын өсуіне ықпал етеді. Дисрегуляция аз немесе шамадан тыс экспрессиялануы мүмкін, бұл микроРНК ісіктерді басатын немесе онкогендер ретінде жұмыс істей алатынын көрсетеді. МикроРНК экспрессиясы жасуша түрі, сәулеленуден кейінгі уақыт және сәулелену дозасы сияқты параметрлерге байланысты өзгеруі мүмкін.

МикроРНК экспрессия деңгейлерінің өзгерістерінің корреляциясы және радиосезімталдық модификациялары

Экспрессия өзгерісі	Сәулелену түрі мен мөлшері	МикроРНК түрі	Жасушалар
↑	10 Гр	МикроРНК-9, МикроРНК-22, МикроРНК-25, МикроРНК-30а, МикроРНК-550а, МикроРНК-548	Қан плазмасы[10]
↓	10 Гр	let-7c/d/ e , МикроРНК-15а, МикроРНК-17, МикроРНК-30d, МикроРНК-92а, МикроРНК-125а	Қан плазмасы
↑	10Гр(гамма сәулесі)	МикроРНК-34 МикроРНК-23	Тері фибробласты жасушасы
↑	5Гр	МикроРНК-449а МикроРНК-27а МикроРНК-101 МикроРНК-210	Өкпе жасушалары[11]
↓	5гр	МикроРНК-155	Өкпе жасушалары
↑	0,5 Гр (рентген сәулесі)	МикроРНК-21	Гиппокамптың жасушалары [12]
↑	2 Гр(бета сәуле)	МикроРНК-16, МикроРНК-20а, МикроРНК-21 и МикроРНК-29с	Эндотелий жасушалары
↓	2 Гр(бета сәуле)	МикроРНК-18а, МикроРНК-125а, МикроРНК-127, МикроРНК-148b, МикроРНК-189 и МикроРНК -503	Эндотелий жасушалары [13]
↑	2 Гр(гамма сәуле)	МикроРНК-887 МикроРНК-1306 МикроРНК-1180 МикроРНК-1268 МикроРНК-371-5р МикроРНК-630	Перифериялық қандағы моноклеарлы жасушалар [14]
↓	2 Гр(гамма сәуле)	МикроРНК-1237 МикроРНК-30а МикроРНК-598 МикроРНК-601	Перифериялық қандағы моноклеарлы жасушалар

Әртүрлі жасушалар микроРНҚ-ларды басқа тіндерге шығара алады және бұл микроРНҚ мақсатты гендердің экспрессиясын реттеу арқылы рецепторлық жасушалардың қызметін өзгерту үшін жасушадан жасушаға сигнал беру нысаны ретінде әрекет етеді. Кейбір микроРНҚ-лар везикулалардың бірнеше түрлеріне, әсіресе экзосомаларға оралатыны көрсетілді, липидтермен және ақуыздармен байланысты микроРНҚ популяциялары да өте көп және осылайша сарысуда және басқа дене сұйықтықтарында оңай анықталады. Жақында жүргізілген зерттеулер МикроРНҚ-лар туралы оның физиологиялық және патологиялық процестерге әсер ететін жасушааралық байланыстарға қатысады деген гипотезаны қолдайды.

Осылайша, микроРНҚ-ларды екі категорияға бөлуге болады: онкоМикроРНҚ (ісіктерді басатын гендерді теріс реттейді) және анти-онкоМикроРНҚ (онкогендерді теріс реттейді). Бірақ бір МикроРНҚ мақсатты тіндегі белсенділігіне байланысты екі әсерді де көрсете алады. МикроРНҚ әдетте қатерлі ісік өзгерістерімен байланысты геномның аймақтарында орналасады. МикроРНҚ-15а және МикроРНҚ-6-1 бастапқы транскриптітерінде лейкозда екі МикроРНҚ экспрессиясының төмендеуіне қатысатын мутацияларды байқауға болады [13].

Сонымен қатар, реттелмейтін МикроРНҚ экспрессиясы өзгертілген ДНҚ метилденуі сияқты эпигенетикалық өзгерістермен байланысты болуы мүмкін. МикроРНҚ-34b/c және В-жасушалық транслокация гені 4 (BTG4) колоректальды обырдағы ісіктің жаңа супрессорлары болып табылады және МикроРНҚ-34b/c және BTG4-ті екі жақты реттейтін МикроРНҚ-34b/c CpG аралы ұсынылды. , тоқ ішек қатерлі ісігіндегі эпигенетикалық үнсіздіктің жалпы мақсаты болып табылады.

Қорытынды

Барлық тірі организмдер қартайды және өмір бойы иондаушы сәулеленуге ұшырайды. Табиғи ластану түрлерінің бірі ретінде қоршаған ортадағы жоғары табиғи радиациялық фон деп санауға болады. Иондаушы сәулелену сияқты сыртқы факторлар қартаю процесін тездетуі мүмкін. Жасушалардың әртүрлі типтеріндегі радиацияның әсерінен қартаю жасушалардың қартаюына және өз кезегінде әртүрлі неврологиялық және жүйке-психикалық бұзылулардың, қатерлі ісік, Альцгеймер ауруы және Паркинсон ауруы сияқты жасқа байланысты аурулардың дамуына әкелуі мүмкін.

Соңғы жылдары МикроРНҚ деп аталатын қысқа бір тізбекті РНҚ молекулалары арқылы ген экспрессиясын посттранскрипциялық бақылау жүйесінің қалыпты физиологиялық процестерді реттеуде және көптеген аурулардың, соның ішінде қатерлі ісіктердің патогенезінде маңызы зор, айқын болды. Радиациялық әсерге байланысты микроРНҚ профиліне трансгенерациялық әсерді зерттеу жасуша өсуінің баяулауына әкелетін ген экспрессиясына мақсатты әсер етуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Радиация МикроРНҚ арқылы әрекет етеді және жасушаның қартаюына әкеледі, бұл кейіннен халықтың денсаулығына әсер етеді.

Қаржыландыру. Жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауы бойынша орындалды (грант № AP14870508).

Әдебиеттер тізімі

1. Мулдағалиев Т.Ж., Масалимов Е.Т., Белихина Т.И., Кенжина Л.Б., Баспакова А.М. Концепция развития реабилитационной помощи населению Казахстана, подвергнувшегося действию ионизирующей радиации в результате деятельности Семипалатинского ядерного полигона // West Kazakhstan Medical Journal. – 2012. – №4. – С. 34.
2. Peng X., Wu Y., Brouwer U. et al. Cellular senescence contributes to radiation-induced

- hyposalivation by affecting the stem/progenitor cell niche// *Cell Death Dis.* 11. – 2020. – Vol. 11(10). – P. 854.
3. Li M., You L., Xue J. and Lu Y. Ionizing Radiation-Induced Cellular Senescence in Normal, Non-transformed Cells and the Involved DNA Damage Response//A Mini Review. *Front. Pharmacol.* – 2018. – Vol. 9. – P. 522.
 4. Zhu Y.I. et al. The Achilles' heel of senescent cells: from transcriptome to senolytic drugs // *Aging cell.* – 2015. – Vol. 14(4). – P. 644-658.
 5. Wang Q.Q., Yin G., Huang JR. et al. Ionizing Radiation-Induced Brain Cell Aging and the Potential Underlying Molecular Mechanisms// *Cells.* – 2021. – Vol. 10(12). – P. 3570.
 6. Chen Z., Cao K., Xia Y., Li Y., Hou Y., Wang L., Li L., Chang L., Li W. Cellular senescence in ionizing radiation (Review) // *Oncology Reports.* – 2019. – Vol. 42(3). – P. 883-894.
 7. Mohammed Al-Jumayli, Stephen L. Brown, Indrin J. Chetty, Martine Extermann, Benjamin Movsas. The Biological Process of Aging and the Impact of Ionizing Radiation // *Seminars in Radiation Oncology.* – 2022. – Vol. 32(2). – P. 172-178.
 8. Smith-Vikos T., Slack F.J. MicroRNAs and their roles in aging // *Cell Sci.* – 2012. – Vol. 7. – P. 17.
 9. Lucia C., Komici K., Borghetti G., Femminella G.D., Bencivenga L., Cannavo A., Corbi G., Ferrara N., Houser S.R., Koch W.J., Rengo G. microRNA in Cardiovascular Aging and Age-Related Cardiovascular Diseases // *Front. Med.* – 2017. – Vol. 4. – P. 74.
 10. Eshkoor S.A., Ghodsian N., Akhtari-Zavare M. MicroRNAs influence and longevity // *Egypt J Med Hum Genet* 23. – 2022. – P. 105.
 11. Jia M., Wang Z. MicroRNAs as Biomarkers for Ionizing Radiation Injury// *Front. Cell Dev. Biol.* – 2022. – Vol. 10. – P. 51.
 12. Moertl S., Mutschelknaus L., Heider T., Atkinson M.J. MicroRNAs as novel elements in personalized radiotherapy // *Transl Cancer Res.* – 2016. – Vol. 5(6). – P. 62-69.
 13. Wagner-Ecker M., Schwager C., Wirkner U. MicroRNA expression after ionizing radiation in human endothelial cells // *Radiat Oncol.* – 2015. – Vol. 5. – P. 25.
 14. Chen Y., Cui J., Gong Y. MicroRNA: a novel implication for damage and protection against ionizing radiation // *Environ Sci Pollut Res.* – 2021. – Vol. 28. – P. 15584-15596.

П.М. Тойбекова, О.В. Булгакова, Р.И. Берсимбай

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Роль митохондрий и микроРНК в радиационно-индуцированном старении

Аннотация. Старение населения ускоряется во всем мире, создавая нагрузку на глобальную экономику и службы здравоохранения. Клеточное старение вносит значительный вклад в различные возрастные неврологические и нервно-психические расстройства, включая болезнь Альцгеймера и болезнь Паркинсона. Некоторые внешние факторы, такие, как воздействие ионизирующего излучения, могут ускорить старение.

В последние годы стало известно, что посттранскрипционная система контроля экспрессии генов короткими одноцепочечными молекулами РНК, называемыми микроРНК, играют важную роль в регуляции нормальных физиологических процессов и в патогенезе многих заболеваний, включая возрастные заболевания. В этой статье рассматриваются биологические эффекты радиации, влияние радиации на старение в различных типах клеток и соответствующие молекулярные механизмы микроРНК.

Ключевые слова: ионизирующее излучение, старение клеток, повреждение ДНК, микроРНК.

P.M. Toibekova, O.V. Bulgakova, R.I. Bersimbai

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The role of mitochondria and microRNAs in radiation-induced aging

Abstract. Population aging is accelerating worldwide, straining the global economy and health services. Cellular senescence is a significant contributor to various age-related neurological and neuropsychiatric disorders, including Alzheimer's disease and Parkinson's disease. Some external factors, such as exposure to ionizing radiation, can accelerate aging.

In recent years, it has become known that the post-transcriptional control system of gene expression by short single-stranded RNA molecules, called microRNAs, is of great importance in the regulation of normal physiological processes and in the pathogenesis of many diseases, including age-related diseases. This article reviews the biological effects of radiation, the effects of radiation on aging in various cell types, and the relevant molecular mechanisms of microRNAs.

Keywords: ionizing radiation, cell aging, DNA damage, microRNA.

References

1. Muldagaliev T.ZH., Masalimov E.T., Belihina T.I., Kenzhina L.B., Baspakova A.M. *Konceptiya razvitiya reabilitacionnoj pomoshchi naseleniyu Kazakhstana, podvergshegosya dejstviyu ioniziruyushchej radiacii v rezul'tate deyatel'nosti Semipalatinskogo yadernogo poligona* [The concept of development of rehabilitation assistance to the population of Kazakhstan exposed to ionizing radiation as a result of the activities of the Semipalatinsk nuclear test site], *West Kazakhstan Medical Journal*, 4, 34 (2012). [in Russian]
2. Peng X., Wu Y., Brouwer U. et al. Cellular senescence contributes to radiation-induced hyposalivation by affecting the stem/progenitor cell niche, *Cell Death Dis.* 11, 11(10), 854 (2020).
3. Li M., You L., Xue J. and Lu Y. Ionizing Radiation-Induced Cellular Senescence in Normal, Non-transformed Cells and the Involved DNA Damage Response, *A Mini Review. Front. Pharmacol.*, 9, 522 (2018).
4. Zhu Y.I. et al. The Achilles' heel of senescent cells: from transcriptome to senolytic drugs, *Aging cell.*, 14(4), 644-658 (2015).
5. Wang Q.Q., Yin G., Huang JR. et al. Ionizing Radiation-Induced Brain Cell Aging and the Potential Underlying Molecular Mechanisms, *Cells*, 10(12), 3570 (2021).
6. Chen Z., Cao K., Xia Y., Li Y., Hou Y., Wang L., Li L., Chang L., Li W. Cellular senescence in ionizing radiation (Review), *Oncology Reports*, 42(3), 883-894 (2019).
7. Mohammed Al-Jumayli, Stephen L. Brown, Indrin J. Chetty, Martine Extermann, Benjamin Movsas. *The Biological Process of Aging and the Impact of Ionizing Radiation*, *Seminars in Radiation Oncology*, 32(2), 172-178 (2022).
8. Smith-Vikos T., Slack F.J. MicroRNAs and their roles in aging, *Cell Sci.*, 7, 17 (2012).
9. Lucia C., Komici K., Borghetti G., Femminella G.D., Bencivenga L., Cannavo A., Corbi G., Ferrara N., Houser S.R., Koch W.J., Rengo G. microRNA in Cardiovascular Aging and Age-Related Cardiovascular Diseases, *Front. Med.*, 4, 74 (2017).
10. Eshkooor S.A., Ghodsian N., Akhtari-Zavare M. MicroRNAs influence and longevity, *Egypt J Med Hum Genet* 23, 105 (2022).

11. Jia M., Wang Z. MicroRNAs as Biomarkers for Ionizing Radiation Injury, *Front. Cell Dev. Biol.*, 10, 51 (2022).
12. Moertl S., Mutschelknaus L., Heider T., Atkinson M.J. MicroRNAs as novel elements in personalized radiotherapy, *Transl Cancer Res.*, 5(6), 62-69 (2016).
13. Wagner-Ecker M., Schwager C., Wirkner U. MicroRNA expression after ionizing radiation in human endothelial cells, *Radiat Oncol.*, 5, 25 (2015).
14. Chen Y., Cui J., Gong Y. MicroRNA: a novel implication for damage and protection against ionizing radiation, *Environ Sci Pollut Res.*, 28, 15584-15596 (2021).

Авторлар туралы мәлімет:

Тойбекова П.М. – жалпы биология және геномика кафедрасының PhD докторанты, жаратылыстану факультеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұқан көшесі 13, Астана, Қазақстан.

Булгакова О.В. – PhD докторы, доцент м.а, жаратылыстану факультетінің жалпы биология және геномика кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұқан көшесі 13, Астана, Қазақстан.

Берсимбай Р.И. – биология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі, жалпы биология және генетика кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қажымұқан көшесі 13, Астана, Қазақстан.

Toibekova P.M. – PhD student of the Department of General Biology and Genomics, Faculty of Natural Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 13 Kazhymukan str., Astana, Kazakhstan

Bulgakova O.V. – PhD, Associate Professor, Acting Professor of the Department of General Biology and Genomics of the Faculty of Natural Sciences of L.N. Gumilyov Eurasian National University, 13 Kazhymukan str., Astana, Kazakhstan

Bersimbay R.I. – Doctor of Biological Sciences, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Professor of the Department of General Biology and Genetics of L.N. Gumilyov Eurasian National University, 13 Kazhymukan St., Astana, Kazakhstan.

Д.С. Бижанова*, М.М. Бахтин

Астана медицина университеті, Астана, Қазақстан

*Байланыс үшін автор: bizhanova_d_2021@mail.ru

Уран өндірісі маңында тұратын халықтың биологиялық сынамаларындағы уранның мөлшерін бағалау

Аңдатпа. Өндірістік қалдықтармен қоршаған ортаның ластануы, қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі. Сол себепті радиоактивті қалдықтар қоймасының маңында тұратын тұрғындар үшін, оның ұзақ жылдар бойына адам ағзасына тигізетін әсерін зерттеп, бұл мәселені шешу жолдарын анықтау маңызды болып табылады.

Мақалада радиоактивті қалдықтар қоймасы аймақтарындағы радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріне, еліміздегі радиоактивті қалдықтарды сақтау орындарының қазіргі жағдайы туралы мәліметтерге шолу жасалған. Сонымен қатар радионуклидтердің, негізінен, уран қатарының қоршаған орта объектілерінде қозғалу жолдарына сипаттама беріліп, адам ағзасындағы радионуклидтердің мөлшерін бағалаудың және сәулелену дозасын есептеудің негізгі тәсілдеріне шолу жасалған. Басты назар биологиялық сынамалардағы (шаш, тырнақ, зәр) уранды анықтауға аударылды.

Түйін сөздер: радиация, уран, радиоактивті қалдықтар, биологиялық сынама, дозалық жүктеме, радионуклидтер.

DOI: 10.32523/2616-7034-2023-143-2-27-38

Кіріспе

Дүниежүзілік ядролық қауымдастықтың (WNA) мәліметтеріне сәйкес, 2020 жылы Қазақстан 19,8 мың тонна уран өндірді, бұл әлемдік уранның жалпы көлемінің 41 пайызын құрады [1]. Уран кен орындары негізінен еліміздің 4 аймағында шоғырланған (кесте 1).

Еліміздегі уран өндірісінің радиоактивті қалдық қоймалары Ақтауда (бұрынғы Каспий тау-кен металлургиялық комбинатының қалдық қоймасы), Степногор (Степногор гидрометаллургиялық зауытының қалдық қоймасы) және Өскеменде (Үлбі металлургиялық зауытының қалдық қоймасы) орналасқан. Радиоактивті қалдықтар радиоактивті заттардың құрамымен және олардың белсенділігінің концентрациясымен ғана емес, сонымен қатар физикалық және химиялық қасиеттерімен де ерекшеленеді. Барлық радиоактивті қалдықтардың адамға және қоршаған ортаға деген ықтимал қауіптілігі болады. Бұл ықтимал қауіптілік деңгейі әртүрлі болуы мүмкін.

Кесте 1

Уран кені объектілері мен радиоактивті қалдықтардың аймақтар бойынша таралуы [2]


Атауы	Солтүстік Қазақстан	Орталық Қазақстан	Оңтүстік Қазақстан	Батыс Қазақстан
Кен орны	34	6	23	2
Қалдықтарды сақтау орны	1	1	-	1
Қалдықтар (мың/м ³)	49 450,0	420,0	-	104 000,0
Жалпы көлемі (мың/м ³)	54 502,8	1013,3	9124,3	104 000,0

Бұрынғы уран өндірісінен қалған ескі уран орындарын консервациялау жұмыстары 2007 жылы аяқталғанымен кешенді мониторингтік жұмыстар іске асырылмай отыр. Жүргізген зерттеулер Степногор тау-кен химия комбинаты (СТКХК) қалдық қоймасының қоршаған ортаға кері әсерін тигізетінін, топырақтың, судың, өсімдіктердің радионуклидтермен ластануынан көрсеткен. Радиохимиялық талдаулардың көрсеткіштері, Сұлуқамыс су қоймасының үлгілерінде ^{238}U және ^{226}Ra концентрациясы бақылау деңгейінен сәйкесінше 21 және 4 есе, ал Маныбай қоймасындағы су үлгілерінде ^{238}U үлестік белсенділігі бақылау мәнінен 28 есе жоғары екенін көрсеткен. Өсімдік үлгілеріндегі радионуклидтер құрамының өзгеруі бақылау аймағына қарағанда ^{238}U және – 15 есе, ^{226}Ra – 155 есе, ^{230}Th – 54 есе жоғары болған. Ақсу ауылында тұратын жергілікті халық үшін техногендік сәулелену көздерінен туындайтын жылдық тиімді доза 1 мЗв/жыл нормасында ~ 6,5 мЗв/жыл құраған [3-4].

Радиоактивті қалдық қоймасының маңында гамма-сәулелену 2,5-6,0 мкЗв/сағ құрайтынын көрсетті, бұл табиғи фондық деңгейден 20-30 есе жоғары. Сонымен қатар СТКХК өнеркәсіптік объектілеріне жақын аумақтардағы радиациялық жағдайды зерттеу жұмыстары топырақтың ластануының біркелкі еместігін көрсетті. Бұл жағдайда ластаушы радионуклидтер көбінесе ^{238}U , ^{235}U және ^{226}Ra , ^{210}Pb , ^{230}Th болды [5].

Әлем бойынша көптеген елдерде орташа және жоғары деңгейдегі салыстырмалы түрде шағын көлемді радиоактивті қалдықтар қоймалары кездеседі. Әртүрлі елдердегі радиоактивті қалдықтарды сақтау орындарындағы радиациялық жағдай туралы материалдарға шолу жұмыстары, олардың қоршаған ортаға кері әсерін көрсетті.

Радионуклидтердің тау-кен өндірісі, радиоактивті қалдықтар қоймалары арқылы атмосфераға шығарылуы, уранның қоршаған ортадағы миграциясын жоғарылатады. Қоршаған орта объектілеріне тараған уран, адам ағзасына «су – топырақ – өсімдік – ауыл шаруашылығы өнімдері (сүт, ет) – адам» тізбегі бойынша тасымалданады (сурет 1).



Сурет 1. Қоршаған орта объектілерінен уранның адам ағзасына түсу жолдары [6]

Атмосферада, жерасты және жерүсті суларында, топырақта, ауада таралған уран белгілі тізбек арқылы адам ағзасына тасымалданады. Атмосферадағы уран миграциясы түрлі факторлардың әсеріне байланысты әртүрлі деңгейде болуы мүмкін. Уран тамақпен және сумен бірге асқазан-ішек жолдарына, ауамен тыныс алу жолдарына, сонымен қатар тері және шырышты қабаттар арқылы түседі [7].

Уранның тамақпен және сумен асқазан-ішек жолдарына енуі

Өсімдіктердің немесе жануарлардың уранды сіңіруі топырақтағы, ауадағы және судағы уранның, адамның қоректік тізбегіне енуінің басты механизмі болып табылады. Өсімдіктердегі радионуклидтердің тамыр ассимиляциясы радиоактивті заттардың мөлшерімен, ерігіштігімен, топырақтың физика-химиялық қасиеттерімен, өсімдіктердің физиологиялық ерекшеліктерімен анықталады. Уран өсімдік тамырларына адсорбцияланып, саңырауқұлақтарда, жидектерде, жабайы жемістерде, дәрілік және жемдік өсімдіктерде көптеп жиналады [8]. Кейбір зерттеулер өсімдік тамырындағы уранның концентрациясы топырақтағы уран концентрациясына пропорционал екенін көрсетті [9]. Бақылаулар көрсеткендей, табиғи жем-шөп алқаптарының өсімдіктері әртүрлі ауылшаруашылық дақылдарына қарағанда жоғары радиоактивтілікпен сипатталады [10]. Бұл жайылымдағы жануарлардың уранды көп мөлшерде сіңіруіне алып келеді. Бұған радиоактивті қалдықтармен ластанған аймақтардағы өсірілген ірі қара мал етіндегі радионуклидтердің жоғары концентрациясы дәлел [11].

Солайша, уран зауытының жанында өсірілген тағамды тұтыну күніне 4,5 мкг-ға дейін жетуі мүмкін [12]. Жапонияда рационныңдағы уранның мөлшері тәулігіне 0,86-дан 1,02 мкг-ға дейін өзгерсе, Италияда уранның халық үшін тұтынуы тәулігіне 2,9–4,8 мкг диапазонында бағаланды [13,14]. Жалпы дүние жүзі бойынша уранның адам ағзасына түсуінің тұтыну мәндері тәулігіне 0,9–4,8 мкг аралығында, орташа есеппен 1,5 мкг/тәулік құрайды [15].

Ауыз су үшін уранды тұтынуды бағалау әр түрлі, бірақ орташа көрсеткіш шамамен 0,9–1,5 мкг/тәулік аралығында болады [16]. Негізінен бұл көрсеткіштер жергілікті судың уранмен ластану дәрежесіне байланысты әр түрлі болады. Ең жоғары көрсеткіштер Нью-Мексикодағы Амбросия көлінің суында (уран өңдеу және өндіру аймағы) [17], Калифорниядағы Сан-Хоакин алқабындағы ауылшаруашылық дренаждық және булану тоғандарының суында [18] және Нью-Мексиконың солтүстігіндегі Намбе аймағындағы жер асты суларында байқалды [19]. Ал Кентуккидегі Огайо өзеніне құятын ағын суларындағы уран концентрациясы 1-700 мкг/л аралығында болды [20].

Уранның ауамен тыныс алу жолдары арқылы енуі

Ауада уран шаң түрінде болады. Шаңда кездесетін уранның өте ұсақ бөлшектері суға, өсімдіктерге және жерге түсуі мүмкін. Жаңбыр уранның ауадан жерге түсу жылдамдығын арттырады. Ауадағы уран адам ағзасына тері (денедегі ашық жарақаттар) және тыныс алу арқылы енеді. Тыныс алу жолы арқылы уранның орташа тәуліктік ағзаға түсу мөлшері 0,010 мкг - 0,0010 мкг аралығында деп бағаланады [21-22].

Уранның ағзаға әртүрлі түсу жолдарымен сіңірілуі уран қосылыстарының химиялық ерекшеліктеріне, оның ерігіштігі мен көлеміне байланысты. Уранның еритін қосылыстары үшін ШРК (шекті рұқсат етілген концентрация) $0,015 \text{ мг/м}^3$, ерімейтіндер үшін - $0,075 \text{ мг/м}^3$ құрайды. Асқазан ішек жолында уранның еритін қосылыстарының 1%-ы, ал ерімейтін қосылыстарының 0,1%-ы, өкпеде сәйкесінше 50% және 20%-ы сіңеді. Уранил нитраты, фториді, хлориді (V), оксиді (VI) белгілі бір мөлшерде тері арқылы енсе, ерімейтін қосылыстары мүлдем енбейді [23]. Адам ағзасына енгеннен кейін еритін уран қосылыстары қанға тез сіңіп, ағзалар мен тіндерге таралады.

Зерттеулер нәтижелері бойынша уранның ағзада біркелкі таралмайтыны, негізінен қаңқада, бронх-өкпе лимфа түйіндерінде, көкбауырда, сондай-ақ бүйректе және бауырда көп

мөлшерде жинақталатынын көрсетті [24,25]. Ересек адамның денесінде уранның мөлшері шамамен 90 мкг құраса, оның 66% сүйекте, 16% бауырда, 8% бүйректе, 10% басқа тіндерде жинақталады [26].

Уранның адам денсаулығына әсері ауыр металдардың химиялық уыттылығымен және аз дәрежеде оның радиоактивті қасиеттерімен түсіндіріледі [27]. Уран қосылыстарының химиялық уыттылығы оның түріне байланысты әр түрлі болады. Жануарларға жүргізілген тәжірибелердің негізінде келесі заңдылықтар анықталды:

- тіпті үлкен дозаларыда салыстырмалы түрде уытты емес: UO_2 , U_3O_8 , UF_4 (ерімейтін қосылыстар), бірақ олар тыныс алу кезінде кезінде қауіпті болуы мүмкін;
- үлкен дозада улы: UO_3 (ағзада баяу ериді);
- орташа мөлшерде улы: $UO_2(NO_3)_2$, $UO_4 \cdot 2H_2O$, $Na_2U_2O_7$ (ерігіш қосылыстар);
- аз дозаларда да өте улы: UO_2F_2 , UF_6 (уранның улылығы анионның уыттылығымен күшейеді) [28].

Уранның денсаулыққа әсері туралы зерттеулердің соңғы нәтижелері оның тератогендік [29, 30], эндокриндік бұзылыстар [31], генетикалық зақым [32] және нейротоксикалық әсерлер сияқты уыттылықтың әлдеқайда кең спектрін көрсететті [33, 34]. Көрсеткіштер уранмен ластану қауіпі бар аймақтардағы тұрғындар үшін уранның мөлшерін анықтаудың өзектілігін көрсетеді. Бұндай зерттеулер жүргізу үшін, көбіне қоршаған ортаның өзгеруінің биоиндикаторы ретінде шаш, тырнақ, қан, зәр және басқа да биологиялық сынамаларды пайдаланады [35,36].

Несеп сынамаларындағы уранның мөлери

Адамның несепіндегі уранды зерттеу ішкі сәулеленуді дозиметриялық бақылаудың негізгі әдісі болып табылады. Уранның ауыз су арқылы еуі немесе құрамында ураны бар бөлшектерді ингаляциялауды анықтау кезінде несеп анализі қолданылады [37]. Несептегі уран, оның адам ағзасындағы мөлшерлік деңгейіне байланысты организмнен бөліну жылдамдығының белгілі заңдылықтарына сәйкес, осы элементтің ағзада жинақталуының көрсеткіші бола алады [38]. АҚШ-тың Ядролық реттеу комиссиясы (NRC) кәсіптік әсерге ұшыраған адамдар үшін несептегі уран деңгейін 15 мкг/л деп белгіледі [39].

Еліміздегі Харасан-2 кеніші аймағының экологиялық жағдайын зерттеу кезінде, биологиялық сынамалардағы уран концентрациясы несепте 4 мкг/л аспайтын шектерде анықталды [40].

Бірнеше уран кеніштері жұмыс істейтін Оңтүстік-Батыс Нигерияда несептегі уранның мәндері жергілікті халқының өкілдерінен анықталды. Ер және әйел жыныстағы еріктілерден (3 жастан 78 жасқа дейін) 24 сағаттық зәр үлгілерін жинау ұсынылды. Несептегі уранның концентрациясын өлшеу индуктивті байланысқан плазмалық масс-спектрометрияны (ICP-MS) пайдалана отырып жүргізілді. Несептегі уран концентрациясы және олардың қалыпқа келтірілген креатинин мәндері 15 жастан ер және әйел адамдар үшін тиісінше 10,4-тен 150 нг/л-ге дейін және 2,52-ден 252,7 нг/г креатининге дейін өзгерді. Ал 15 жасқа дейінгі тұрғындарда 61,6 нг/л және 76,0 нг/г-ға дейін креатинин экскрециясының жоғарылауы анықталды. Орташа тәуліктік шығарылатын уран, ересектер үшін 14,2 нг және балалар үшін 45,1 нг деп бағаланады [41].

Шаш және тырнақ сынамаларындағы уран

Адамның шашы мен тырнақтарындағы элементтердің мөлшері, жергілікті халыққа табиғи радионуклидтер мен басқа металдардың әсер етуінің баламалы көрсеткіші болып табылады. Олардың құрамы мен сыртқы түріндегі өзгерістері денеде жинақталған элементтердің жетіспеушілігінің немесе көп мөлшерде болуын көрсетеді [42]. Олар қанмен, термен,

гормондармен және ферменттермен, сондай-ақ генетикалық факторлармен бақыланады және белгілі бір дәрежеде организмде болатын физиологиялық процестердің көрсеткіші болып табылады [43]. Биологиялық сынамалардың басқа түрлерімен салыстырғанда, шаш пен тырнақ тер, қан және несеп сияқты тіндерге қарағанда бірнеше артықшылықтарға ие [44]. Шаш пен тырнақтың ауыртпалықсыз алынуы, оңай жиналуы және тасымалдануы, бөлме температурасында жоғары тұрақтылығы және басқа дене сұйықтықтары мен тіндеріне қарағанда элементтердің салыстырмалы түрде жоғары концентрациясы сияқты көптеген сипаттамалары оларды зертханалық талдауға қолайлы объект ретінде таңдап алуға мүмкіндік береді [45].

Сербияда табиғи радиоактивтілігі жоғары Нишка Баня қаласында адамның шаштары мен тырнақтарындағы уран, торий және басқа да кейбір улы элементтердің деңгейі анықталған. Адамдардың шашы мен тырнақтарындағы элементтер концентрациясының үлкен ауытқуы байқалған. Әсіресе, торий деңгейінің адамның шашында да, тырнағында да жоғары екені анықталды [46].

Оңтүстік Африкада адамның шашынан уранның мөлшері анықталды. Аймақтағы тұрғындардың шаштарында өлшенген уран концентрациясы уранның жоғары деңгейін көрсетті. Уран мәндері 31 мкг/кг-дан 2524 мкг/кг-ға дейін ауытқыған [47]. Ресей Федерациясындағы Сібір химия комбинатының (СХК) жақын аумақтарындағы балалар популяциясының шашының элементтік құрамын зерттеу деректеріне сәйкес, СХК апатынан 4 жылдан кейін алынған үлгілерінде уран, торий радионуклидтерінің жоғары мәндері анықталды [48]. Бұл бақылау, шаштағы уран концентрациясының созылмалы әсер ету кезінде қан мен зәрдегі уран концентрациясын көрсетуі мүмкін деген түсінікті растады.

Кейбір элементтердің, соның ішінде уран мен торийдің шаш пен тырнақта қанға қарағанда әлдеқайда жоғары деңгейде болатыны байқалды [49]. Израиль ғалымдары шаштағы уран концентрациясы несеппен салыстырғанда орта есеппен шамамен сегіз есе жоғары екенін көрсетті. Осылайша, ұзақ уақыт бойына әсерді бағалау үшін шаштағы уранның бір реттік талдауы бірнеше несеп үлгілерінің талдауын алмастыра алады [50].

Шаштағы уран концентрациясы 100 мг/кг-ден төмен адамдарды таза иондық сәулеленбеген деп санауға болады. Мұндай адамдар қосымша бағалауды қажет етпейді. Шаштағы уранның мөлшері 100-ден 10 000 мг/кг ауытқыса жоғары көрсеткіш болып есептеледі. Ал егерде уран концентрациясы 10 000 мг/кг-нан асатын болса, уранмен бүйрек зақымдануын анықтайтын сынау жұмыстары жүргізілуі тиіс [51].

Қорытынды

Талданған зерттеулерге сүйене отырып, уран және басқа да тау-кен аймақтары үшін осы аумақтың экологиялық жағдайын тиімді бағалау және оның адам ағзасына әсері туралы зерттеулер қажет. Сонымен, уранның адам ағзасында көп мөлшерде жинақталуының денсаулыққа кері әсерін ескере отырып, оның ағзаға түсу жолдарын бақылау, биологиялық үлгілердегі (зәр, шаш, тырнақ) уранның құрамын анықтау өзекті мәселелердің бірі болып табылатындығы анықталды.

Белгілі отандық және шетелдік зерттеушілердің жұмыстарымен салыстыра отырып, радионуклидтердің адам ағзасына түсу жолдарын бағалап, биологиялық сынамалардағы уранның мөлшерін анықтау жұмыстарына талдау жұмыстары жүргізілді. Тиісті осындай зерттеулерді жүргізе отырып, жергілікті халық үшін радионуклидтердің ағзаға түсуі мөлшерін төмендететін іс-шараларды ұйымдастыруға болады.

Қаржыландыру. Ғылыми жұмыс “Консервацияланған уран кеніштеріне жақын тұратын халықтың дозалық жүктемесін бағалау, эпидемиологиялық зерттеу және жағымсыз техногендік факторларды азайту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу” (2022-2024) ғылыми жобасы аясында жүргізілді (ЖТН АР14871503, тапсырыс беруші ҚР ҒЖБМ).

Әдебиеттер тізімі

1. World Nuclear Association website. Uranium and Nuclear Power in Kazakhstan. [Электронды ресурс] – URL: <https://world-nuclear.org/information-library/country-profiles/countries-g-n/kazakhstan.aspx> (өтініш берілген күн: 09.12.2021).
2. Программа консервации уранодобывающих предприятий и ликвидации последствий разработки урановых месторождений на 2001-2010 гг. Постановление Правительства Республики Казахстан от 25 июля 2001 года N1006. [Электронды ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P010001006> (өтініш берілген күн: 25.07.2001).
3. Казымбет П.К., Имашева Б.С., Бахтин М.М. Радиоэкологическое состояние природных объектов вокруг уранодобывающих предприятий Акмолинской области // Мед. радиол. и радиац. безопасность. – 2006. – Т. 53, № 3. – С. 22-27.
4. Казымбет П.К., Бахтин М.М., Кашкинбаев Е.Т., Джанабаев Д., Даутбаева Ж.С., Шарипов М.К. Радиационная обстановка на хвостохранилище Степногорского горно-химического комбината и прилегающих территориях. Сообщение I // Медицинская радиология и радиационная безопасность. – 2018. –Т.63, № 1. – С. 40-47.
5. Софронова Л.И., Хусаинов А.Т. Проблемы обеспечения радиационной безопасности в уранодобывающих регионах Северного Казахстана // Вестник Тюм ГУ (Тюмень). – 2011. – № 4. – С. 91-94.
6. Алексахин Р.М. Проблемы радиоэкологии: Эволюция идей. Итоги. – Москва: Россельхозакадемия, ГНУ ВНИИСХРАЭ, 2006. – 880 с.
7. Ключковский В.М. Радиоактивность и пища человека. – Москва: Атомиздат, 1971. – 376 с.
8. Premuzic E.T., Francis A.J., Lin M., et al. Induced formation of chelating agents by *Pseudomonas aeruginosa* grown in presence of thorium and uranium // Arch Environ Contam Toxicol. – 1995. – Vol. 14. – P. 759-768.
9. Swanson S.M. Food chain transfer of U-Series radionuclides in northern Saskatchewan aquatic system // Health Phys. – 1985. – Vol. 49. – P. 747-770.
10. Гребенюк А.Н. Основы радиобиологии и радиационной медицины. Учебное пособие. Гриф УМО по медицинскому образованию. – Москва: Фолиант, 2012. – 709 с.
11. Софронова Л.И., Хусаинов А.Т. Суммарная удельная альфа-активность радионуклидов в отложениях урановых хвостов на Степногорском гидрометаллургическом заводе // Аграрный вестник Урала (Екатеринбург). – 2011. – № 10. – С. 41-43.
12. Rayno D.R. Estimated dose to man from uranium milling via the beef/milk food-chain pathway // Sci. Total Environ. – 1983. – №31. – P. 219-241.
13. Yamamoto T., Masuda K., Nukada K. Uranium in total diet and human urine from nonoccupationally exposed persons in Okayama Prefecture // J Radiation Res. – 1971. – Vol. 13(1). – P. 5.
14. Galletti M., D'Annibale L., Pinto V., et al. Uranium daily intake and urinary excretion: A preliminary study in Italy // Health Phys. – 2003. – Vol. 85(2). – P. 228-235.
15. Linsalata P. Uranium and thorium decay series radionuclides in human and animal foodchains // J Environ Qual. – 1994. – Vol. 23. – P. 633-642.
16. National Primary Drinking Water Regulations; Radionuclides; Proposed Rule // USEPA. – 1991. – Vol. 56(138). – P. 330-350.
17. Lapham S.C., Millard J.B., Samet J.M. Health implications of radionuclide levels in cattle raised near U mining and milling facilities in Ambrosia Lake, New Mexico // Health Phys. – 1989. – Vol. 36(3). – P. 327-340.
18. Bradford G.R., Bakhtar D., Westcot D. Uranium vanadium and molybdenum in saline waters of California // J Environ Qual. – 1990. – Vol. 319. – P.105-108.
19. Hakonson-Hayes A.C., Fresquez P.R., Whicker F.W. Assessing potential risks from exposure to natural uranium in well water // J Environ Radioact. – 2002. –Vol. 59(1). – P. 29-40.

20. Kornegay F.C., West D.C., Jones V.W. Paducah gaseous diffusion plant. Environmental monitoring report. U.S. Department of Energy. – Oak Ridge, Tennessee, 1981a. – 160 p.
21. Graves B. Development of regulations for radionuclides in drinking water. Radon in ground water, radon, radium and other radioactivity in ground water // Proceedings of the National Water Well Association conference. – Chelsea, MI: Lewis Publishers, Inc, 1987. – P. 1-11.
22. United Nations Scientific Committee on the Effects of Atomic Radiation; Report to the General Assembly, with annexes // Sources, effects and risks of ionizing radiation. – New York, 1988. – 647 p.
23. Жерин И.И., Амелина Г.Н. Химия тория, урана, плутония: учебное пособие. – Томск: Изд. ТПУ, 2010. – 147 с.
24. Иванов В.В. Экологическая геохимия элементов: Справочник: В 6 кн. Редкие f-элементы. – Москва: Экология, 1997. – 607 с.
25. Штреффер К. Радиационная биохимия. Москва: Атомиздат, 1972. – 200 с.
26. McDiarmid M.A., Hooper F.J., Squibb K., et al. The utility of spot collection for urinary uranium determinations in depleted uranium exposed Gulf War veterans // Health Phys. – 1999b. – Vol. 77(3). – P. 261-264.
27. Canu I.G., Laurent O., Pires N., Laurier D., Dublineau I. Health effects of naturally radioactive water ingestions: the need for enhanced studies // Environ Health Perspect. – 2011. – Vol. 119. – P. 1676-1680.
28. Бекман И.Н., Бунцева И.М. Экспериментальные методы исследования диффузии радиоактивных газов в твердых телах // Радиохимия. – 1981. № 23(3). – С. 434-441.
29. Domingo J.L. Reproductive and developmental toxicity of natural and depleted uranium // Reproduct Toxicol. – 2001. – Vol. 15(6). – P. 603-609.
30. Hindin R., Brugge D., Panekaa B. Teratogenicity of depleted uranium aerosols: a review from an epidemiological perspective // Environ Health. – 2005. – Vol. 4(1). – P. 17.
